




Ж.С. Смаханова<sup>1</sup> , А.П. Алиакбарова<sup>1</sup> , Г.Т. Моминова<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup>Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан  
(E-mail: z.deil@mail.ru, ainurAP@mail.ru, mg\_29@mail.ru)

## Моғолстан тарихының оқулықтарда берілуін талдау: тарихи оқиғалар, тұлғалар және идеологиялық аспектілер

Мақалада Моғолстан тарихы туралы түсініктерді бағалауға бағытталған кешенді зерттеудің нәтижесі баяндалған. Зерттеу барысында негізгі тарихи оқиғаларға, негізгі тарихи тұлғаларға және оқу материалдарында ұсынылған Моғолстан тарихына қатысты идеологиялық аспектілерге оқу басылымдары негізінде талдау жүргізілді. Оқулық жасаудың логикалық-психологиялық тұжырымдамасының авторы, ғалым А.З. Рахимов «Оқулық дегеніміз — жаңа білімді меңгеру құралы емес, ол оқушылардың жүрегі мен парасатын қызықтыра алатын проблеманы баяндайтын әлеуметтік маңызы бар объект» деген [1] тұжырымдамасына назар салсақ, оқулықты идеологиялық құрал ретінде қарастыруымызға дәлел бола алады. Кеңес Одағы кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі орта білім оқулықтарына салыстырмалы талдау жүргізе отырып, үстем болған идеологияның тарихи оқиғаларды тәпсірлеуге және тұлғаларды сипаттауға әсері болғандығын көреміз. Сонымен қатар, зерттеу барысында Моғолстан тарихындағы қандай оқиғалар оқулықтарда бейнеленген және қай тұлғалардың есімі оқулық мазмұнына кіргізілгеніне назар аударылады. Орта білім беру деңгейіндегі оқулықтардағы Моғолстан мемлекетінің тарихын талдауға, жаңа буын оқулықтарындағы жаңаша аспектілерді анықтауға және белгілі фактілерді қайта қарауға кешенді талдау жүргізу есебінен өзіндік ерекшелікке ие. Зерттеу нәтижелері оқулықтардағы Моғолстан тарихының жазылуының объективтілік дәрежесі, сондай-ақ, оқулықтардағы оқу материалдарының мазмұнына әр кездегі идеологиялар да әсер еткендігі туралы қорытындыға әкелді. Негізгі идеялар мен тұжырымдарға келе отырып, мақалада Моғолстандағы тарихи процестерді тереңірек түсінуге ықпал етеді.

*Кілт сөздер:* Моғолстан, Шағатай ұлысы, Қазақ хандығы, ортағасырлар тарихы, оқулықтар, моғолдар, Моғолстан билеушілері, ортағасырлық зерттеушілер, идеология үстемдігі, салыстырмалы талдау.

### Кіріспе

Моғолстан тарихы Қазақстанның этникалық, саяси және мәдени тарихымен тығыз байланысты. Қазақ тарихында Қазақстан аумағында болған ең ірі мемлекеттердің бірі — Моғолстан аумағы қазақ этносымен мемлекеттілігінің қалыптасқан басты мекендердің бірі, сондықтан отандық тарихтың едәуір бөлігін құрайды [2]. Моғолстан тарихында басты назар аударатын мәселе — моғолдардың этникалық қалыптасуының өзгешеліктері және ерекшеліктері, моғол билеушілерінің саяси оқиғаларындағы рөлі, Моғолстан мемлекетінің даму кезеңдері және этно-саяси байланыстары. Міне осы аталған маңызды мәселелер білім алушы жастарға қалай оқытылып, оқу басылымдарда мазмұндалуы қай деңгейде деген сұраққа жауап алу осы мақалалық зерттеуіміздің өзектілігін арттыра түседі. Оқулықтарда аталған мәселені дұрыс баяндау арқылы біз білім алушы жастарымыздың мемлекеттілігіміздің ортағасырлық дамуы туралы біртұтастық түсінік қалыптастыра аламыз.

Этникалық тақырып кеңестік жүйеде айтылмауы тиіс тақырыптардың бірі еді. Осы мақаланың мақсаты — Кеңестер Одағы заманында аталған мәселелер сол кезде үстем болған идеологиясының әсерінен оқулықтарда қалай ұсынылғанын қарастыра отырып, тәуелсіздік кезеңнің оқулықтарындағы мазмұнмен салыстыру. Осы жерде айта кететін жайт, Моғолстан тарихы тек Қазақстан тарихына ғана емес, көрші елдеріміздің тарихында да айтылуы, қарастырылуы тиіс тақырып. Дегенмен, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінің оқулықтарында бұл қарастырылатын тақырып бірегей емес түрде мазмұндалады. Аталған мәселе келесі зерттеуіміздің өзегі болмақ. Дей тұрғанмен, салыстыру мен тақырыптың маңыздылығын айқындау үшін қысқа тоқталып өтуге болады.

Жад саясаты немесе оны басқаша «тарихи саясат» деп те атайды. Бұл кез келген мемлекет идеологиясының ажырамас бөлігі. Оның функциялары өте алуан түрлі болып келеді. Бірақ жалпы, мемлекет жүргізіп жатқан сыртқы және ішкі саяси бағытты заңдастыруға көмектеседі. Саясат мәселесінде мемлекеттің қалыптастыратын образ жүйесі бірінші маңызға ие. Сондықтан, кейде өткен

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: z.deil@mail.ru

оқиғаларды жариялау елдердің қарым-қатынасына әсер етуі мүмкін. Мысалы, Корея мен Қытайдың Жапониямен өткен тарихындағы мәселелерді жариялауға байланысты даулары оқулыққа енді [3].

Осы сценарий бойынша оқиғалардың дамуын болдырмау үшін әртүрлі мемлекет билігі өз елінің имиджін құру процесін мұқият қадағалайды. Сол үшін кейде Ресей мемлекеті арнайы гранттар да бөледі. Бұл жағдайды тарих оқулықтары арқылы жүзеге асыруға ерекше назар аударады. Осы арқылы мемлекеттің басқа елдегі мәселеге қатысты ұстанымын айқын көрсетеді. Оның үстіне оқулықтар білім алушы жастардың дүниетанымын қалыптастыру құралы болып табылады. Қазақстан Ресей оқулықтарында, ал кейінірек — бұрынғы КСРО елдерінің оқулықтарында аз зерттелген.

#### *Зерттеу әдістері*

Оқулықтардағы Моғолстан тарихын терең әрі жан-жақты талдап, ондағы негізгі аспектілер мен маңызды проблемаларды айқындау үшін тиімді болатын салыстырмалы талдау және тарихи талдау әдістерін қолдандық.

Кенестік замандағы оқулықтарда Моғолстан тарихы таптық күрес тұрғысынан қарастырылды. Бүгін біздің қарастыратын мәселеміз еліміздің тарихында үлкен орны бар іргелі мемлекет Моғолстан тарихы тәуелсіздікке дейін және одан кейін оқулықтарда қандай дәрежеде ұсынылғанын салыстырмалы талдау әдісі арқылы зерттеп, қарастыру. Салыстырмалы әдісті қолдану барысында нақты салыстыратын мәселелерді анықтап алдық. Олар:

- оқулықтарға Моғолстан тарихындағы қандай оқиғалар мен тұлғалары енді?
- енгізілген оқиғалар мен тұлғаларға қандай баға беріледі?
- Моғолстан тарихын тәпсірлеуде қандай идеологиялық фактор ықпал етті?

Аталған әдісті қолдану барысында қолдағы бар тарих мектеп оқулықтарындағы Моғолстан тарихына қатысты материалдарындағы оқиғалар, тұлғалар, идеологиялық аспектілері талданды. Талданған материалдарға салыстырмалы талдау жүргізіліп, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын топтастыра отырып, негізгі айырмашылықтар алынды. Жалпы оқиғалар мен тақырыпты бағамдау үшін алдымен Моғолстан тарихына қатысты басқа зерттеулер мен деректер де қарастырылды. Мақаланың сілтемесінде берілген деректер мен соңғы зерттеулер де қарастырылып, ондағы мәселеге тарихи талдау жасалынды.

#### *Нәтижелері*

Орта білім оқулықтарына жүргізілген салыстырмалы талдау Моғолстандағы қандай тарихи оқиғалар мен тұлғалар оқулықтарға енгізілген және оның мазмұны қалай берілгендігін анықтауға мүмкіндік берді. Оқулық мазмұнының дәл солай шығуына қандай идеологиялық фактор ықпал еткендігін де анықтадық.

Моғолдардың этникалық қалыптасуының ерекшеліктері, моғол билеушілерінің саяси оқиғаларындағы рөлі, Моғолстан мемлекетінің даму кезеңдері және этно-саяси байланыстары сынды маңызды мәселелер білім алушы жастарға қалай оқытылып, оқу басылымдарда мазмұндалуы қай деңгейде деген сұраққа жауап алу мақсатында зерттеуімізде қолданған салыстырмалы талдау әдісі арқылы алынған нәтижелер бойынша келген қорытындымыз алдағы жаңа оқулықтардың жазылу барысында ескерілуі тиіс тұжырымдамаларды осы мақалалық зерттеудің ғылыми жаңашылдығы ретінде авторларға ұсынатын боламыз. Оқулықтарда аталған мәселені дұрыс баяндау арқылы біз білім алушы жастарымыздың мемлекеттілігіміздің ортағасырлық дамуы туралы біртұтастық түсінік қалыптастыра аламыз.

Кенестер Одағы кезеңдегі оқулықтарда Моғолстан мемлекеті феодалдық мемлекет ретінде қарастырылды. Яғни ол жерді феодалдық қарым-қатынас болды дейді. 1974 жылғы «СССР тарихының» 7-сынып оқулығында «... Орта Азия халықтарының моңғол-татар жаулап алушыларына қарсы күресі. Шыңғыс ханның қалың қолы Орта Азияда бай қалалар мен қыстақтарды, ежелгі мәдениетті кездестірді. Орта Азияға моңғол-татар шапқыншылығының қаупі төнген оның халықтары феодалдық бытыраңқылық кезеңді бастан кешіруде болатын. Шыңғыс ханның әскері Жетісу арқылы Хорезм мемлекетіне лап қойды, қалалар мен селениелерді басып алды, байлықты тонады, халықты қырып жойды немесе құл ету үшін айдап әкетті. Халық ерлікпен қарсыласты. Қалалардың бәрінде күшті гарнизондар тұрды, Самарқандта 20 соғыс пілі де болды. Бірақ Самарқандтың қақпасын, кейбір басқа Шыңғыс ханға сияқты. Астыртын қалалардағы онымен сөз байласқан опасыздар ашып берді. Самарқандта Шыңғыс хан 30 мыңдай қолөнершілерді қолға түсіріп, оларды моңғол шонжарларына құлдыққа үлестіріп берді. Басқа жерлерде де ол осылай істеді...» [4] деген мәтіннен байқауға болады.

Назар аударған мәселелері таптық күрес болды. Яғни қарапайым шаруаның феодалдарға қарсы көтерілісі ретінде түсіндірілді.

Бұл 1974 жылғы оқулық болса, 1978 жылы Қазақ КСР тарихының жаңа бағдарламасы бойынша Қазақ КСР сабағы оқытыла бастады. Қазақстан тарихы мен КСРО тарихы материалы арқылы Коммунистік тәрбие берудің тиімді жолдары зерттелді. Қазақстандағы мектептерде барлық оқулықтар Кеңес үкіметінің бақылауында болып, тарихи білімнің дамуына кеңестік идеология тікелей әсер етті.

Тәуелсіздік алған 1990-жылдардан соң да жағдай бірден өзгере қойған жоқ. Мектептер әлі де КСРО кезінде жарық көрген оқулықтармен немесе солардың тікелей аудармаларымен оқыды. Мысалы, 1992 жылы шыққан 8-9 сыныптарға арналған тарих пәні бойынша хрестоматияда Моғолстан туралы Дулатидің шығармасынан үзінді келтіретін жерде «Моғолстан мен оның шекараларын суреттеу. ... Қолда бар шежірелер мен бұрынғы авторлардың еңбектерінде Моғолстанның шекаралары көрсетілмеген, [сондықтан] қазір оларды ешкім білмейді... Алайда қазір Моғолстан деп аталатын территорияның ені мен ұзындығы 7-8 айлық жол [қашықтық] болып табылады», — деп тек Моғолстанның этникалық мәселесі емес, табиғаты мен географиясы айтылған тұсын оқушыларға ұсынған.

Орталық Азияда ислам дінінің таралуына Моғолстан оң әсер еткендігін де атап өтеді. Тәпсірлеулері бойынша бағалары теріс болды, яғни Моғолстанның құрылуы мен ондағы саяси оқиғалар Қазақ хандығының дамуына кері әсерін тигізді дейді.

Тәуелсіздік алған жылдардағы оқулықтарда Моғолстан тарихы қазақ тарихының құрамдас бөлігі ретінде біртұтас қарастырылды. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы жолында Моғолстанның рөлінің маңызды болғандығы атап көрсетіледі. Моғолстан хандарының рөлі экономикасы мен мәдениетін дамытудағы ықпалы баса айтылды.

«Моғолстан XIV–XVI ғғ. басында өмір сүрген... Моғолстан мемлекеті басқа мемлекеттер сияқты моңғол империясының ыдырауы негізінде пайда болы. Аса зор, бірақ берік емес моңғол мемлекетінің шаруашылық-әлеуметтік, саяси, мәдени-тарихи даму деңгейі әр түрлі, сан түрлі ұлттық топтар мекендеген. Уақыт өте келе бұл мемлекет шаруашылық және этникалық негізіне қарай топтасқан феодалдық иеліктерге бөліне бастады. Бұған соғыстан кейін өндіргіш күштердің біртіндеп қалпына келуі этникалық процесте бірігушілік бет бағыттың күшеюі әсер етті. Жергілікті феодал ақсүйектердің мемлекет билігіне ұмтыла бастауы өз ықпалын тигізді... Моғолстандағы белді дулат тайпасының әмірі Болатшы бастаған ақсүйектер Шағатай ұрпағы Тоғылық-Темірді жаңа мемлекеттің ханы етіп сайлады, сөйтіп ол Моғолстанда билеушілер әулетінің негізін салушы болды. Тарихи-географиялық «Моғолстан» атауы «моғол» сөзінен шыққан...» деп Моғолстан деген арнайы тақырыбы бар мәтін 1997 жылы шыққан оқулықта [5] кездеседі.

«Моғолстанның мемлекеттің шығыс бөлігінің әмірлері жоғары билікті бірден басып алмай, хан тағына Шыңғысхан ұрпағын отырғызды. Бұл туралы Мухаммед Хайдар Дулати анағұрлым толық деректер келтіреді. Моңғол мемлекеттеріндегі дәстүр бойынша тек Шыңғысхан ұрпағы ғана хан тағына отыра алатын. Сол себепті дулат тайпасының басшысы, аса қуатты әмір Поладшы, шығыс аймақтардың ең беделді әмірі ретінде өзін хан деп атауға батылы жетпей, таққа Шағатай ұрпағы Тоғылық Темірді (1347-1363 жылдар) отырғызды. Тоғылық Темір Моғолстан билеушілері әулетінің негізін қалады. Өкілдерін хан жасаған дулат әмірлері елдегі негізгі саяси күш ретінде өз билігін нығайта түсті. Осылай Шағатай ұлысының шығыс жарты бөлігінде ортағасырлық деректерде Моғолстан немесе Моғолдар ұлысы деп аталған мемлекет пайда болды. XIV ғасырдың 60-жылдарындағы алғашқы Моғолстан хандары Мауереннахрдағы Шағатай ұрпақтарын келтіруге әрекет жасады. Алайда 70-80-жылдары Моғолстан билеушілеріне Әмір Темір басқыншылығына қарсы ұзақ та қиян-кескі күрес жүргізулеріне тура келді. Ауыр күрес нәтижесінде моғол ханы Қызыр Қожа өзін Әмір Темірдің боданы деп тануға мәжбүр болды. Қызыр Қожаның ұлы Мұхаммед хан билігі кезінде (1408-1416 жылдар) жағдай біршама жақсарды. Оның заманында Моғолстан Әмір Темір ұрпақтарынан тәуелсіз болды. Алайда осы кезде Моғолстанның шығыс аймақтарына ойраттар жиі-жиі шабуыл жасай бастады. XV ғасырдың 30-жылдарының ортасында билік Есенбұғаның қолына өтті. Есенбұға хандық құрған 50-жылдардың соңында Керей мен Жәнібек сұлтандар басқарған қазақтардың бір бөлігі Жетісуға көшті. XVI ғасырдың басында моғол билеушілері Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы өз иеліктерінен айырылды» [6] деп 2017 жылғы жаңа буын оқулығында Моғолстан тарихы біршама жаңа зерттеулер мен жаңа көзқарас тұрғысынан жазыла бастады. Сондай-ақ байқағанымыз, билеушілердің есімдері атала бастады.

Яғни, екі дәуірдің оқулықтарындағы Моғолстан тарихының баяндалуындағы негізгі айырмашылықтар: кеңестік кезде Моғолстан тарихы таптық тұрғыда, феодалдық мемлекет ретінде теріс баға беру арқылы бағаланса, тәуелсіз кезеңде Моғолстан тарихы ұлттық тұрғыда қарастырылып, қазақ тарихының бір бөлшегі ретінде көрсетіліп, оң баға беріледі.

#### Талқылау

Моғолстан тарихына қатысты деректердің аса маңыздысы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі болып табылады. Қазақ шығыстанушы ірі ғалым М. Әбусейтова бұл еңбекке жоғары баға берген. Одан кейін дулатитану саласын дамытуға үлкен үлес қосқан Ә. Дербісәлі Кашмирдегі ұлы бабаның қабірін тауып, оның еңбегінің әртүрлі тарихи, этнографиялық, географиялық, әдеби және мәдени мәліметтер беретін классикалық шығарма екендігін атап көрсете отырып, мынандай баға береді: «Қазақстан мен Орта Азия елдерін зерттеушілердің, тіпті, түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген Еуропа ғалымдарының да ешқайсысы сол себепті күні бүгінге дейін «Тарих-и Рашидиге» жүгінбей өтпейді. Еңбек осымен де құнды». Сол кездің замандасы болған Дулати еңбегі бүгінгі күнге дейін құндылығын жоймаған Моғолстан халқы мен қазақ тайпаларының тарихының жылнамасы саналады.

XIII-XV ғасырлардағы Орта Азия халықтарының тарихынан мәлімет беретін Қ. Жалаиридін «Жами ат-тауарих» пен «Жылнамалар жинағы» еңбегінде қай сұлтан, хан қашан өлді, қайда жерленді деген сияқты мәліметтер беретін ақпараттар қалдырған [7].

Самарқанд маңында археологиялық зерттеулер жүргізген орыс шығыстанушы мектебінің негізін салған шығыстанушы ғалым В.В. Бартольдтің еңбектері ішінен «Шығысхан империясының құрылуы», «Жетісу тарихынан очерктер» сияқты еңбектер назар аударуға тұрарлық [8].

Атақты шығыстанушы В.П. Юдин: «Моғол этнонимін кезінде Шағатай және Үгедей ұлыстарына бөлінген моңғолдар Жетісу жеріне алып келді. Бірақ олар аз еді және олардың тағдыры Дешті Қыпшақтағы моңғолдардың тағдыры тәріздес болды: олар түркітілдес тайпалармен жедел араласып кетті. Моғол этнонимін сақтауға моңғолдардың көшпелі тұрмысы үлгі болған көшпелілік дәстүрлерін және хандар-шағатайлар билігінің мұрагерлігін алғашқы кездері сақтауға моғол феодалдарының ұмтылулары ықпал еткен тәрізді», – дейді. В.П. Юдин сонымен қатар, бұл мәселеде зерттеушілер арасында әртүрлі пікірлер орын алғанына назар аударады. Мысалы, академик В.В. Бартольд моғолдарды моңғолдар деп атап көрсетсе, профессор С. Аманжолова оларды түріктер, Н.А. Аристов оларды шағатайлық хандарға қызмет жасайтын тапқа жатқызады. Н.А. Аристовтың мынандай пікіріне назар аударсақ, ол моғол және Моғолстан атауын белгілі бір тайпаның немесе халықтың атауы деп қабылдауға қарсы болды және мұның саяси атау екенін атап көрсетіп былай дейді: «шағатайлықтар Шыңғыс хан ұрпақтары ретінде, өздерін және өздерінің иеліктеріндегі халықтарды моғолдар, ал өздерінің мемлекеттерін Моғолстан деп атай алатын еді». [9]

В.П. Юдин өзінің пікірін дәлелдеу үшін М.Х. Дулатидің моғолдар және қырғыздар бір халық деген тұжырымын алға тарта келіп, мұның өзі «моғолдардың түріктер болғанын көрсетеді» деп қорытынды жасайды. Ол өзінің зерттеулерінде моғолдар руларының негізінен кейінірек қазақтардың Ұлы жүзін, ішінара Орта жүзді құрағандарын атап көрсете келе, қазақтардың этникалық түп-тамыры моғолдарда жатқандығын назарға алады.

Көрнекті ортағасыр маманы К.А. Пищулина ортағасырлардағы Қазақстан тарихының этносаяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін зерттеген ғалым. Моғолстан мемлекетінің тарихына арнаған «Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI веков» атты еңбегінде қазақ халқының қалыптасуына Моғолстан халқының рөлін атап өтеді.

Тарихшы-зерттеуші Н.А. Атығаев Қазақ хандығы тарихының маманы ретінде Қазақ хандығының құрылуы мен барысы туралы, хандары туралы көптеген еңбектер жазған.

Одан бөлек көптеген зерттеушілерді де атап кетуге болады. М.П. Вяткин ұсынған қазақ мемлекеттілігі мен қазақ халқының қалыптасуы туралы тұжырымдамасы «Қазақ ССР» тарихы академиялық жазбасына 1941 ж. енгізілген [10].

Моғолстан әмірлерінің ішінде М.Х. Дулатидің өзінің бабалары Хұдайдат және оның әкесі Болатшы бар. Әмір Хұдайдат Дулатидің ислам дініне адалдығын «Тарих-и Рашиди» еңбегінде баяндалады. Оның беделі Моғолстанда зор болған. Осындай беделді адамның мұсылман дінін ұстануы халықтың рухани дамуын жаңа белеске көтерді. Оқулықтар арқылы біз тек Арыстанбаб, Қожа Ахмет Яссауи тәрізді екі-үш тұлғаны ғана білеміз. Ал әмір Хұдайдат Дулати тәрізді бізді

мұсылмандық жолға түсіруге барын жұмсаған, Меккеге барған тарихқа белгісіз болып қалған қаншама бабаларымыз бар.

Қазақ хандығы тұсында Орда ұғымын біртіндеп Жүз Орда, онан соң Кіші, Орта және Үлкен Орда түсініктері және қазақ жүздері атауы ығыстырған тәрізді. Қазақтардың аймақ-аймаққа бөлініп оқшауланып көшулері этнотерриториялық сипатта болғанымен жүздерге бөлініп кетуді саяси тұрғыдан қамтамасыз ете алған жоқ. Шыңғыс тұқымдарының қазақ жерінде, дәлірек айтсақ, бұрынғы Жошы ұлысында саяси-территориялық құрылымдар — Ордаларды ұйымдастыруы Қасым ханның кезінде көлемді жерді біріктірген біртұтас Қазақ хандығының кейінгі хандар тұсында алғаш Жүз Ордаларға, одан соң жеке хандар билеген жүздерге бөлшектенуіне саяси ықпал жасады, яғни жүздер төменнен емес, жоғарыдан шыңғысшыл-төрелердің белгілі бір аймақта әкімшілік билікті орнықтыру, таққа таласу күрестері нәтижесінде өмірге келді. Мұның салдарлары ауыр болды: біртұтас қазақ аталатын халық және этнос ешбір негізсіз, жасанды түрде үшке бөлінді.

Нақты тарихи дерекке жүгінер болсақ, жоғарыда аталған ұлы тарихшы М.Х. Дулати XVI ғасырдың 40-шы жылдары жазған «Тарих-и Рашиди» бойынша Керейдің, Бұрындықтың, Қасымның, Тахирдің, Бойдастың билігі кезінде Қазақ хандығы жүзге бөліну дегенді білмеген. Жаңа этникалық мемлекет — Қазақ хандығының қалыптасуы жағдайында көптеген сұлтандар мен билер алғашқы қазақ хандарын басты саяси тұлға ретінде қабылдап, оларға бағынған. Алайда, Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының саяси жағынан да, географиялық ауқымда да өрістеуі, қуатты хандықты жаңа проблемамен — бір орталықтан басқару қиыншылығымен жолықтырды. Тахир ханның кезінде-ақ қазақтардың негізгі бұқарасы әр түрлі Шыңғыс тұқымдары — сұлтандардың жетекшілігімен орталықтан, бір ханның басқаруынан қаша бастады. Ал Бойдас ханның кезінде қазақ халқын қатарласа үш хан басқарды: 1) Бойдастың өзі Жетісуды билесе; 2) Ахмет Сырдарияның төменгі ағысында; 3) Тоғым Сырдарияның орта ағысында хандық құрды. [11]

Кезінде «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» деп аталатын зерттеу еңбек жазған Әлихан Бөкейханов аталмыш кезеңде қалыптасқан саяси ахуалды былай сипаттаған еді: «После смерти Касым-хана союз киргиз-казаков раздробился; всякий из султанов его старался захватить власть, и усобицы среди них способствовали распадению союза киргиз-казаков. Спустя 200 лет после смерти объединителя киргиз-казаков Касым-хана его народ снова появился на исторической сцене в виде трех политических союзов, известных под именами: старшей, средней и младшей орды» [12].

Көріп отырмыз, Ә. Бөкейханов қазақтың үш жүзге (оны ол орда деп айтады) бөлінуі Қасым хан өлген соң екі ғасырдан соң, яғни XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде орын алды деп санайды. Әрқашан да өзінің пікірін нақты дәлелдерге сүйеніп айтуға дағдыланған ол мұнда да әйгілі зерттеуші Н.А. Аристовтың тұжырымдарын басшылыққа алған.

Алайда осы XVIII ғасырдың алғашқы ширегі деген мерзімнің қате екендігі бүгінде біршама дәлелденген. Өйткені, белгілі шығыстанушы В.П. Юдин Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» еңбегіне жазған түсініктемесінде «Қазақтардың үлкен ордасы» (Ұлы жүз) туралы мәліметтің алғаш рет 1616 жылы орыс деректерінде айтылатынын атап көрсетті [13].

Дегенмен де тарихнамалық талдау мәселесін қарастырғанда мынаны да ескергеніміз жөн: ұлттық интеллигенция өкілдері еңбектеріндегі мәселелер көбіне жүйелі баяндалмаған. Олар шашыраңқы және жеке тақырыптарға арналған, оларда авторлардың нақты деректерді пайдалануларынан гөрі мәселеге өзіндік көзқарастарын білдірулері, ел аузындағы аңыздар мен ауызша деректерді көптеп пайдаланулары, жер-су атауларына байланысты тарихи пайымдаулар мен болжамдар жасаулары жиі кездеседі. Солай десекте, олар тарихи тұрғыдан аса құнды. Осы айтылғандар қазақ ұлттық интеллигенциясының еңбектеріне тарихнамалық талдаулар жасап, бүгінгі тарих ғылымының методологиялық принциптері тұрғысынан оларды сараптаудың, бағалаудың аса қажет екендігін тағы да дәлелдей түседі.

Кеңестік жүйе тұсында Қазақстандағы тарих ғылымының басты бағыттарының бірі тарихнама ғылымы едәуір кенже қалып келді. Тарихнамалық ой-пікірлер, тарихнамалық талдаулар жетіспей жатты және осы саладағы оқу құралдары мен оқулықтар, іргелі еңбектер тіптен аз, негізінен орыс тілінде жазылған. Мұның өзі тарихшы дайындау ісін де едәуір қиындата түсетіні рас. Осы орайда қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің тарихи көзқарасын жүйелі түрде топтап талдаудың бүгінгі күні аса қажеттігі тағы да байқалады. Өйткені қазақстандық тарихнама ғылымы мұндай аса маңызды мәселеге тарихнамалық талдаулар жасамай болашақта алға баса алмайды.

Жоғарыда аталғандарды қарасақ, кеңестік кезеңде айтылуға тиым салынғанымен, Моғолстан болсын, Қазақ хандығының құрылуы болсын зерттеулер жүргізілді. Бірақ олар ары қарай таптық көзқарас тұрғысынан талданып, қарастырылып барып оқулыққа түсті.

### *Қорытынды*

Тәуелсіздік тарихи және тарихнамалық ойлауға еркін жол ашты. Күпия мұрағат құжаттарын зерттеуге мүмкіндіктер туды және методологиялық тұрғыдан жаңа балама ұстанымдар мен принциптердің белең алуы, еліміз азаттық алған кезеңде тарих ғылымын қарыштап даму жолына түсірді. Мұның өзі, тәуелсіздіктің ішінде едәуір жинақталып қалған жаңа көзқарастағы еңбектерге тарихнамалық талдаулар қажеттігін байқата бастады. Тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңдеріндегі зерттеулерді сапалық тұрғыдан таразылап, оқулыққа ұлттық тұрғыдан түсіндіріле отырып енгізілсе, қазақ тарихын толыққанды бүтіндеуге атсалысқан болар едік.

Моңғол шапқыншылығы туралы зерттеулер, негізінен Кеңес Одағының тарих ғылымында осы шапқыншылыққа байланысты тұжырымдар аясында қалыптасқанын білеміз. Бұлардағы ұстанымдар, Евразия кеңестігіндегі халықтарды моңғол-татарлар үздіксіз қырып-жойған, қайғы-қасіретке ұшыратқан, олардың іс-әрекеттері әрқашан оңай олжа табуды көздеген агрессия, өркениетке жасалған қиянат, қоғамдық дамудағы регресс деп сипаттайтын көзқарастардан, ұлы державалық ресей менталитеті тұрғысында зерттелген еңбектерде көрініс берді.

Өкінішке орай бұл мәселеде қазақстандық кәсіби тарихшылардың да алысқа ұзай қоймағаны, кеңестік тоталитарлық жүйе тұсындағы таптаурын ұстанымдардың, тіптен кейбір елеулі зерттеулер әлі де мызғымай немесе көп өзгерістерге ұшырамай келе жатқаны байқалады. Нақты мысалға жүгінер болсақ, бес томдық «Қазақ ССР тарихының» 1982 жылы жарық көрген томында Моңғол шапқыншылығына арналған тарауы қандай сөздермен басталса, бес томдық «Қазақстан тарихының» 1998 жылы жарық көрген II-томының осы шапқыншылыққа арналған тарауы да сондай сөздермен басталған, яғни Моңғол жаулап алуы туралы кеңестік дәуірде қалыптасқан көзқарас, тәуелсіз Қазақстанның академиялық тарихи зерттеулерінде ішінара қосылған тарихнамалық және деректемелік қосымшаларды ескермесек, сол күйінде дерлік сақталып келеді. Ал оқулық сол академиялық басылым негізінде жазылатынын ескерсек, біз Қазақстанның өзіндік тәуелсіз тарих ғылымын қалыптастыруды мақсат тұтсақ, онда моңғол жаулап алуы туралы кеңестік дәуірде қалыптасқан жағымсыз теріс көзқарастарды, диалектикалық тұрғыда жүргізілген зерттеулер негізінде қайта қарап, бұл тарихи құбылыс пен оқиғаның объективті әділ бағасын беруге ұмтылуымыз керек. Таптық ұстанымдардан арылмай, Қазақстанда өзіндік тәуелсіз тарих ғылымын қалыптастыру қиын, тіптен мүмкін емес. Моңғол жаулап алуының тарихнамасына жасалған біздің талдаулар көрсетіп бергеніндей, Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарда осы мәселені жаңаша тұрғыда зерттеген зерттеулер жоқтың қасы. Шыңғыс хан мен Моңғол шапқыншылығына жаңа салиқалы көзқараспен қарауға, бұл мәселелерде біржақты, жағымсыз теріс пікір қалыптастыратын стереотиптен арылуға талпынған зерттеулер аз да болса бар. Алайда олардың ғылыми негіздері жұтаң, тарихи фактілерді жеке көзқарас ыңғайына қарай бұрмалау да орын алуда.

### *Алғыс*

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № BR18574101).*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Құсайынов А. Оқулық жасау және бағалау теориясы / А. Құсайынов. — Алматы, 2021. — 114 б.
- 2 Омарбеков Т. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы / Т. Омарбеков. — Алматы, 2014. — 376 б.
- 3 Галиев А.А. Прошлое Казахстана в учебной литературе постсоветских государств Центральной Азии / А.А. Галиев, С.И. Ковальская // Вестн. Евраз. нац. ун-та. Сер. Исторические науки. — 2019. — № 2. — С. 8–17.
- 4 Нечкина М.В. СССР тарихы. 7-класқа арналған оқулық / М.В. Нечкина, П.С. Лейбенгруб. — Алматы, 1974.
- 5 Байпақов К. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы. Орта мектептің 7-8 сыныптарына арналған оқулық / К. Байпақов, Б. Көмеков, К. Пищулина. — Алматы, 1997. — 92 б.
- 6 Бакина Н. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Н. Бакина, Н. Жанақова. — Алматы, 2017. — 127 б.
- 7 Қадырғали Жалаир. Шежірелер жинағы / Жалаир Қадырғали. — А., 1997.

- 8 Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. Сочинения: [В 9-и т.] / В.В. Бартольд. — М., 1987.
- 9 Аристов А.И. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности / А.И. Аристов. — СПб., 1897.
- 10 Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. — М., 1990.
- 11 Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. / Т.И. Султанов. — М., 1982. — 84 с.
- 12 Букейхан А. Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи / А. Букейхан // Тандамалы — Избранное. — Алматы: Қазақ энцикл., 1995. — С. 49.
- 13 Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков. — Алматы, 1969. — С. 242, 243.

Ж.С. Смаханова, А.П. Алиакбарова, Г.Т. Моминова

### **Анализ истории Могулистана в учебниках: исторические события, личности и идеологические аспекты**

В статье изложены результаты комплексного исследования, направленного на оценку представлений об истории Могулистана. В ходе исследования был проведен анализ основных исторических событий, важных исторических личностей и идеологических аспектов истории Могулистана, представленных в учебных материалах. Обратив внимание на концепцию автора логико-психологической концепции создания учебника А.З. Рахимова, что «учебник — это не средство усвоения новых знаний, а социально-значимый объект, рассказывающий о проблеме, способной заинтересовать сердца и умы учащихся», можно утверждать, что мы рассматриваем учебник как идеологический инструмент. Проводя сравнительный анализ учебников среднего образования со времен Советского Союза до наших дней, можем увидеть, как доминирующая идеология повлияла на обобщение исторических событий и описание личностей. В ходе исследования также обращается внимание на то, какие события в истории Могулистана отражены в учебниках, и какие имена лиц включены в содержание учебника. Проведение комплексного анализа истории государства Великих Моголов в учебниках среднего образования, выявление новых аспектов в учебниках нового поколения и пересмотр известных фактов придают этому исследованию свою специфику. Результаты исследования привели к выводу о степени объективности написания истории Могулистана в учебниках, а также о том, что на содержание учебного материала в учебниках во все времена влияли и идеологии. Подходя к основным идеям и выводам, статья способствует более глубокому пониманию исторических процессов в истории Могулистана.

*Ключевые слова:* Могулистан, Улус Чагатай, Казахское ханство, средневековая история, учебники, моголы, правители Могулистана, средневековые исследователи, господство идеологии, сравнительный анализ.

Zh. Smakhanova, A. Aliakbarova, G. Muminova

### **Analysis of the history of Moghulistan in textbooks: historical events, personalities and ideological aspects**

This article presents the results of a comprehensive study aimed at evaluating perceptions of the history of Mogulistan. The research involved analyzing key historical events, important historical figures, and ideological aspects of Mogulistan's history as presented in educational materials. By focusing on the author's logical-psychological concept of textbook creation, as proposed by Rahimov A.Z., which states that “a textbook is not just a means of acquiring new knowledge, but a socially significant object telling about a problem capable of capturing the hearts and minds of students”, it can be argued that textbooks are viewed as ideological instruments. Conducting a comparative analysis of secondary education textbooks from the Soviet era to the present day reveals how the dominant ideology has influenced the summarization of historical events and descriptions of individuals. The study also examines which events in Mogulistan's history are reflected in textbooks and which names are included in their content. The specific nature of this research lies in conducting a comprehensive analysis of the history of the Great Moguls' state in secondary education textbooks, identifying new aspects in textbooks of the new generation, and revising known facts. The research findings conclude on the level of objectivity in portraying Mogulistan's history in textbooks and the enduring influence of ideologies on textbook content throughout history. Addressing the main ideas and conclusions, the article contributes to a deeper understanding of historical processes in Mogulistan's history.

*Keywords:* Moghulistan, Ulus Chagatai, Kazakh Khanate, medieval history, textbooks, Mughals, rulers of Moghulistan, medieval researchers, domination of ideology, comparative analysis.

## References

- 1 Kusaiynov, A. (2021). Oqulyq zhasau zhane bagalau teoriiasy [Theory of textbook creation and evaluation]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Omarbekov, T. (2014). Qazaqstan (Qazaq eli) tarikhy [History of Kazakhstan (Kazakh country)]. Almaty [in Kazakh].
- 3 Galiev, A.A., & Kovalskaia, S.I. (2019). Proshloe Kazakhstana v uchebnoi literature postsovetskikh gosudarstv Tsentralnoi Azii [The history of Kazakhstan in the literature of the post-Soviet states of Central Asia]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta. Seriya Istoricheskie nauki — Bulletin of the Eurasian National University. Series historical science*, 2, 8–17 [in Russian].
- 4 Nechkina, M.V., & Leibengrub, P.S. (1974). SSSR tarikhy. 7-klasqa arналған оқулық [History of the USSR. Textbook for 7th grade]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Baipakov, K., Komekov, B., & Pishchulina, K. (2017). Ortagasyrlardagy Qazaqstan tarikhy. Orta mekteptin 7-8 synyptaryna arналған оқулық [History of Kazakhstan in the Middle Ages. Textbook for 7-8 grades of secondary school]. Almaty [in Kazakh].
- 6 Bakina, N., & Zhanakova, N. Qazaqstan tarikhy. Zhalpy bilim beretin mekteptin 7-synybyna arналған оқулық [History of Kazakhstan. Textbook for the 7th grade of a general education school]. Almaty [in Kazakh].
- 7 Kadyrgali Zhalair. (1997). Shezhireler zhinagy [Collection of genealogies]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Bartold, V.V. (1987). Istoriia izucheniiia Vostoka v Evrope i Rossii. Sochinenie: [ V 9-i tomakh] [History of Eastern Studies in Europe and Russia. Composition in the 9th volume]. Moscow [in Russian].
- 9 Aristov, A.I. (1897). Zametki ob etnicheskom sostave tiurkskikh plemen i narodnostei i svedeniia ob ikh chilennosti [Notes on the ethnic composition of Turkic tribes and nationalities and information on their nationality]. Saint Petersburg [in Russian].
- 10 (1990). Problemy etnogeneza i etnicheskoi istorii narodov Srednei Azii i Kazakhstana [The problem of ethnogenesis and ethnic history of the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. Moscow [in Russian].
- 11 Sultanov, T.I. (1982). Kochevye plemena Priaralia v XV–XVII vv. [Nomadic tribes of Priaralya in the XV–XVII centuries]. Moscow [in Russian].
- 12 Bokeikhan, A. (1995). Istoricheskie sudby kirgizskogo kraia i kulturnye ego uspekhi [Historical destiny of the Kyrgyz region and its cultural successes]. *Tandamaly — Selected*. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Russian].
- 13 (1969). Materialy po istorii kazakhskikh khanstv XV–XVIII vekov [Materials on the history of Kazakh khanates of the 15th–18th centuries]. Almaty [in Russian].

## Авторлар туралы мәліметтер

**Смаханова Жанар** — тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>

**Алиакбарова Айну**р — PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-2236-170X>

**Моминова Гүлнар** — PhD, Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-7130-0751>

## Information about the authors

**Smakhanova Zhanar** — Master of history, senior lecturer of the Department of history Kazakhstan, S. Seifullin Kazakh agrotechnical university, Astana, Kazakhstan.

**Aliakbarova Ainur** — PhD, senior lecturer of the Department of history Kazakhstan, S. Seifullin Kazakh agrotechnical university, Astana, Kazakhstan.

**Muminova Gulnar** — PhD, Institute of state history, Astana, Kazakhstan.